

## Атбасар ауданы Ақан Құрманов ауылдық округінің көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы Ақан Құрманов ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 қаңтарда № 6280 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2017 жылғы 24 қазандағы қорытындысы негізінде, Ақан Құрманов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақан Құрманов ауылдық округінің көшелері қайта аталсын:

1) Ақан Құрманов ауылы бойынша:

№ 9 көшесі Мәдениет көшесіне;

№ 10 көшесі Атамекен көшесіне.

2) Қаракөл ауылы бойынша:

№ 1 көшесі Жағалау көшесіне;

№ 2 көшесі Алаш көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақан Құрманов ауылдық  
округінің әкімі*

*А.Белялова*